

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Онымен қосы қазіргі заман талап ететін сыни ойлау, миға шабуыл секілді әдістерді де сабақ үсітінде қолдану нұр үстіне нұр болушы еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://t.me/geocraft_kz
2. https://worldmapper.org/maps/?sf_paged=2
3. <https://www.ventusky.com>
4. <https://fires.ru>

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қауметов Арман Қанатұлы
Armankaumetov1@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

География - өте кең ауқымды пән екені барлығымызға анық. Физикалық саласымен ғана шектелмей, әлеуметтік-экономикалық, оның ішінде саяси мен экономикалық географияны оқыту келер ұрпақ үшін өте маңызды және өзекті болып табылады. Саяси география өз кезегінде елтану бағытын қамтыса, экономикалық география қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын мен шаруашылығын зерттейді. Айтылған салаларды оқушы не үшін білу қажет?

Мәселен, халықаралық шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымындағы жаңадан пайда болған географиялық нысандарын, жаңа буын кәсіпорындарының техникалық және технологиялық қайта жаратандырылуын, ұлттық экономиканың барлық дерлік салаларының индустриалды-инновациялық дамуы кезеңін айқындайтын, географиялық білім беру қажеттілігі күттірмес мәселе болып табылады. [1]

Осыған қоса, білім алушы елтану саласын меңгере отырып, дүниежүзі елдерінің табиғатын, халқын, шаруашылығын, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және бірнеше ғылым салаларын ұштастыра алатын деңгейге жетеді.

Қазіргі кезде елтану бағытындағы географиялық ақпараттық жүйелер мен деректер базасын пайдалануға қажеттілік артып келеді. Осы ақпараттар ғылымда, білім беру саласында, күнделікті қоғам өмірінде де кеңінен таралады. Демек, оқушылардың дүниетанымын және көкжиегін кеңейту мақсатында да саяси география, әсіресе елтану бағыты арқылы берілетін ақпараттардың орны ерекше. [2]

Әлеуметтік-экономикалық географияны оқыту білім алушыларға әлеуметтік пен экономикалық жүйелердің арасындағы байланысты және осы салалардың қоршаған ортамен қалай өзара әрекеттесуі туралы танымдық ақпараттарды береді.

Оқушылардың анализ, яғни талдау дағдыларын дамыту. Әлеуметтік-экономикалық географияны зерттеу барысында, оқушылардан сыни ойлау, нақтырақ айтқанда ақпаратты талдау арқылы негізделген қорытынды жасау талап етеді.

Бүгінгі таңда жаһандық мәселелерді түсіну өзекті сипат алып жатыр. Әлеуметтік-экономикалық географияны меңгеру оқушыларға әртүрлі жаһандық құбылыстарды түсінуге көмектеседі. Мысалы: климат өзгеруі, халық миграциясы, демографиялық өзгерістер секілді проблемалардың себебін түсініп, білім алушы талдау жасай алады. Талдауға негізделі отырып, оқушы әлем азаматы ретінде оның әр қабылдаған шешімі қандай үлкен масштабты алатынын саналы түрде біліп және салдарын болжай алуға мүмкіндік береді.

Болашақ мансапқа дайындалу. Әлеуметтік-экономикалық ілім тек қана географ мамандарына емес, экономист, халықаралық қатынастар, геосаясат, үкімет басқару саласында қызмет ететін оқушыларға да орасан зор пайдасын тигізеді. Мәселен, әлеуметтік-экономикалық аспектілерді білу еңбек нарығында да артықшылық болып саналады.

Қорытындылай келе, бұл мақалада география пәніндегі әлеуметтік-экономикалық географияны оқыту маңызы қарастырылды. Бұл талдау аталмыш саланың жаңа қырларын көрсетіп, келер ұрпақ үшін қандай артықшылықтары һәм өзектілігін көруге мүмкіндік береді.

Менің жеке пікірімше, осы заманда география пәнін оқытуда физикалық аспектілерін ғана қарастыру жеткіліксіз. Оған қоса, әлбетте әлеуметтік-экономикалық саланы терең меңгеру, оқыту мұғалімдер үшін шарт.

Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық география білім алушылардың замануи әлемге бейімделу үрдісіне әсер етеді, себебі әлеуметтік-экономикалық білім, оны терең түсіну заманның ажырамас бөлігі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Саипов А.А. «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы бойынша практикалық жұмыстар : оқу-әдістемелік құралы». Астана, 2022.
2. Жангелдина Д.І. «Елтану». Алматы, 2012.

ӘОЖ 371.39

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТИСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Калкашев Сагынғали Габизиятович

sani_kalkashev@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты

Алматы, Қазақстан,

Ғылыми жетекшісі - Б.Ш. Абдиманаров

Кіріспе

Білім беру мазмұнында соңғы жылдары көптеген сапалы өзгерістер орын алуда. Әріне бұл бағалау жүйесіне де әсер етпей қоймады. Дәстүрлі білімдегі «белгілеп» бағалау көптеген кемшіліктерге ие:

- оқушының оқуындағы жетістіктерді сырттай, мұғалім және мектеп тарапынан бағалау болып табылады;
- бағалау барысында оқушының өздігінен қалыптасуына толық мүмкіндік бермейді;
- аз мәліметті болып табылады. Критерийлері анық көрсетілмегендіктен нақты білім деңгейін көрсете алмайды;
- көбінесе баланы «жазалау» мақсатында қолданылып кетеді немесе бала мен оның ата-анасына «қысым көрсету» құралы болып та кетіп жататыны анық. т.с.с

Оқыту барысындағы теріс әсерлерді жою мақсатында оқушылардың жетістіктерін бағалау бүгінгі таңда қажетті болып табылады.